



## БҰЙРЫҚ

*2025 жылғы 17 қыркүйек*

Павлодар қаласы

## ПРИКАЗ

№ *1-03/435*

город Павлодар

**«2025 жылға арналған орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған маусымдық екі апталық перспективалық мәзірді бекіту туралы» бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» №320 қаулысы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы «Мектептің үлгілік перспективалық мәзірін бекіту туралы» № 135-ҢК бұйрығы, Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының 2025 жылғы 24 шілдедегі «Жергілікті атқарушы органдардың қаражаты есебінен тамақтануды жүзеге асыратын мектептерде 2025-2026 оқу жылына арналған төрт апталық маусымдық перспективалық мәзірді бекіту туралы» № 437-Ө бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**


1. 2025 жылғы 6 қаңтардағы «2025 жылға арналған орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған маусымдық екі апталық перспективалық мәзірді бекіту туралы» № 1-03/08 бұйрығына сәйкес келесі өзгерістер енгізілсін:

Павлодар қаласының орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған 2025 жылға енгізілген өзгерістерді ескере отырып, осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес төрт апталық маусымдық перспективалық мәзір бекітілсін.

2. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тамақтану құны келесідей белгіленсін: 6-10 жас аралығы – 690 теңге (ҚҚС-сыз), 11-14 жас аралығы – 784 теңге (ҚҚС-сыз), 15-18 жас аралығы – 851 теңге (ҚҚС-сыз).

3. Мектеп директорлары мен мектеп асханасына жауапты қызметкерлерге мәзірге енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты ата-аналар мен заңды өкілдерге жеткізу тапсырылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру бөлімі басшысының орынбасары Г. Медиеваға жүктелсін.

Бөлім басшысының міндетін атқарушы  Т. Нұркешов

Таныстым   Г. Медиева

---

**О внесении изменений в приказ  
«Об утверждении перспективного  
сезонного двухнедельного меню для  
обучающихся организаций среднего  
образования на 2025 год»**

На основании постановления Правительства Республики Казахстан № 320 от 12 марта 2012 года «Об утверждении размеров, источников, видов и Правил предоставления социальной помощи гражданам, которым оказывается социальная помощь», приказа Министра здравоохранения Республики Казахстан № ҚР ДСМ-302/2020 от 21 декабря 2020 года «Об утверждении стандартов питания в организациях здравоохранения и образования», приказа Председателя Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан № 135-НҚ от 25 декабря 2024 года «Об утверждении типового перспективного школьного меню», в соответствии с приказом управления здравоохранения Павлодарской области № 437-Ө от 24 июля 2025 года «Об утверждении перспективного четырехнедельного сезонного меню в школах, осуществляющих питание за счет средств местных исполнительных органов на 2025-2026 учебный год»

**ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Внести в приказ № 1-03/08 от 6 января 2025 года «Об утверждении перспективного сезонного двухнедельного меню для обучающихся организаций среднего образования на 2025 год» следующие изменения:


утвердить перспективное четырехнедельное сезонное меню для обучающихся организаций среднего образования города Павлодара на 2025 год с учетом внесенных изменений, согласно приложению к настоящему приказу.

2. Установить стоимость питания с учетом возрастных особенностей для детей 6-10 лет – 690 тенге (без НДС), 11-14 лет – 784 тенге (без НДС), 15-18 лет – 851 тенге (без НДС).

3. Руководителям школ, ответственным сотрудникам школ по вопросу школьного питания довести до сведения родителей и законных представителей информацию о внесении изменений в меню.

4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на заместителя руководителя отдела образования Г. Медиеву.

И.о. руководителя отдела



Т. Нуркешов

Ознакомлен(а) \_\_\_\_\_